- Осы нұсқаулықтарды мұқият оқыңыз және келешекте пайдалануға сақтаңыз.
- Барлық орауышты және белгілерін алып тастаңыз.
- Алмастары мен дискілері тым өткір, күтіммен ұстаңыз. **Қолданған және тазалаған кезде бірдей, әрқашан кесетін ұшынан алыс жоғарғы жағындағы тұтқадан ұстаңыз.**
- Өңдегіш құралды ешқашан тұтқасынан ұстап көтермеңіз немесе тасымалдамаңыз, тұтқасының үзіліп кетіп, нәтижесінде зақым келтіруі мүмкін.
- Ыдыстағы заттарды құйып алған кезде, әрқашан пышағын алып тастаңыз.
- Өңдеу құралының ыдысынан қолыңыз бен құралдарды алыс ұстап тұрып, блендер корпусын қуат көзіне қосыңыз.
- Өшіріңіз және токтан ажыратыңыз:
 - бөліктерін тіркемес немесе алып тастамас бұрын;
 - қолданыста болмаған кезде;
 - тазаламас бұрын.
- Бағыттағыш түтікшеге тағамды итеру үшін ешқашан саусақтарыңызды қолданбаңыз. Әрқашан берілген итеру құралдарын қолданыңыз.
- **Алмасты ешқашан блендер бокалы немесе ықшам ұсақтағыш/уатқыш сәйкестендірілмейінше, қуат корпусына салмаңыз.**
- Қақпақты ыдыстан немесе блендерден немесе ықшам ұсақтағышты/уатқышты қуат бөлігінен алып тастамас бұрын:-
 - өшіріңіз;
 - тіркемесі/алмастары толығымен тоқтағанша күтіңіз;
 - блендер бокалын немесе ықшам ұсақтағышты/уатқышты алмас жинағынан бұрап босатып алмаңыз.
- **КҮЙІП ҚАЛУ ҚАУПІ:** Блендерден өткізбес бұрын, ыстық тағамдарды бөлме температурасына дейін суыту қажет.
- Өңдеу құралымен жұмыс істеу үшін қақпақты қолданбаңыз, әрқашан қосу/өшіру жылдамдық басқару түймесін қолданыңыз.
- **Бұл құрылғы зақымдалған болуы және қорғаныс механизмін шамадан тыс күшпен қолданылса, зақым келуі мүмкін.**

- **Өңдеу құралын қолданбаған кезде әрдайым электр желісінен суырып қойыңыз.**
- Ешқашан өкілетті емес тіркемені қолданбаңыз.
- Ешқашан жұмыс істеп тұрған құралды бақылаусыз қалдырмаңыз.
- Зақымдалған құралды ешқашан қолданбаңыз. Оны тексертіңіз немесе жөндетіңіз: «қызмет көрсету және тұтынушыларға кеңесті» көріңіз.
- Ешқашан қуат элементін, сымын немесе ашаны су кезде қолданбаңыз.
- Үстелдің ұшына немесе жұмыс орнының үстіне не артық сымды салбыратып қоймаңыз немесе ыстық бетке тиюін болдырмаңыз.
- Ұсынылған жылдамдық кестесінде берілген ең үлкен мөлшерден асырмаңыз.
- Бұл құралды балалар қолданбау керек. Құрал мен оның сымын балалардың қолы жетпейтін жерге қойыңыз.
- Құрылғыны тек үй шаруасына байланысты қолданыңыз.
- Бұл құрал олардың құралды қауіпсіз қолдануы туралы нұсқау берілсе немесе басқа адамның бақылауында болса және олардың туындауы мүмкін қауіп туралы түсінігі болса, білімі немесе тәжірибесі жеткіліксіз немесе физикалық, сезу немесе ойлау қабілеті нашар адамдар қолдануға арналған.
- Құрылғыны тек үй шаруасына байланысты қолданыңыз. Егер құрылғы өз міндетіне сай мақсатта қолданылмаса немесе берілген нұсқаулықты дұрыс сақтамаған жағдайда Kenwood компаниясы ешқандай жауапкершілікті өз мойнына алмайды.
- Өңдеу құралын/блендерді дұрыс қолданбау зақым келтіруі мүмкін.
- Ең үлкен көрсеткіш ең жоғарғы жүктеуді қолданатын тіркемеге негізделген. Басқа тіркемелері аз қуатты тұтынуы мүмкін. Әрбір жеке тіркеме үшін қосымша қауіпсіздік ескертулерін алу мақсатында «тіркемелерді қолдану» тармағының астындағы қатысты бөлімді қараңыз.

блендер қауіпсіздігі

- **КҮЙІП ҚАЛУ ҚАУПІ:** Блендерден өткізбес бұрын, ыстық тағамдарды бөлме температурасына дейін суыту қажет.
- Алмас бөлігін ұстаған кезде әрқашан абай болыңыз және тазалаған кезде, алмастардың кесетін бөлігін ұстамаңыз.
- Блендерді қақпағы жабық күйде ғана қолданыңыз.
- Тек қана алмас бөлігі берілген корпусты қолданыңыз.
- Ешқашан блендерді бос күйде іске қоспаңыз.
- Блендердің ұзақ қызмет көрсету мерзімін қамтамасыз ету үшін, оны 60 секундтан артық қоспаңыз.
- Коктейль рецепттері – қатып қалған кезде қатты затты пішімдейтін қатырылған ингредиенттерді ешқашан блендер корпусына салмаңыз.
- **Маңызды** – Корпустың негізіндегі етегі жасау кезінде салынған, оны алып тастауға әрекет жасамаңыз.



МАҢЫЗДЫ: ЫСТЫҚ БЛЕНДЕРДЕН ӨТКІЗУ НҰСҚАУЛАРЫ

Ыстық ингредиенттерді блендерден өткізген кезде, күйіп қалу мүмкіндігін азайту үшін, ықтимал күйіп қалу әрекеттерінің алдын алу үшін қолдарыңыз бен ашық теріні қақпақтан алыс ұстаңыз. Келесі сақтық шараларын қолдану қажет:

- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Өте ыстық тағамдарды блендерден өткізген кезде, ыстық сұйықтық түзілуі мүмкін және қақпақтан немесе мойын қақпағынан байқаусызда ыстық бу шығуы мүмкін ⑩.**
- **Блендерден өткізбес бұрын ыстық ингредиенттерді салқындатуды ұсынамыз.**
- Сорпа сияқты ыстық сұйықтықтарды өңдеген кезде, **ЕШҚАШАН** көлемін 1200мл/5 кеседен асырмау қажет (корпустағы белгілерге қараңыз).
- Блендерден өткізген кезде **ӨРҚАШАН** төмен жылдамдықта бастап, жайлап жылдамдықты арттырыңыз. Пульс параметрін қолданып **ЕШҚАШАН** ыстық сұйықтықты блендерден өткізбеңіз.
- Сүт сияқты көбік түзетін сұйықтықты 1000мл/ 4 кесе ең үлкен көлемге шектеу қажет.
- Корпус пен оның ішіндегі заттар ыстық болуы мүмкін болғандықтан сақ болыңыз.
- Қақпақты алып тастағанда абай болыңыз. Төгуді болдырмас үшін қақпақ тығыздап салынатын етіп жасалған. Қажет болса, ұстаған кезде қолыңызды матамен немесе қолғаппен қорғаңыз.
- Корпустың негізге қауіпсіз тіркелгенін тексеріңіз және құралдан алған кезде, негізді бағыттап, оның корпуспен қосып алынуын қамтамасыз етіңіз.
- Қақпақ пен мойын қақпағының **әрбір** блендерден өткізу әрекетінен бұрын қауіпсіздік орнына салынғанын тексеріңіз.
- Мойын қақпағындағы желдеткіштер әрқашан **әрбір** блендерден өткізу әрекетінен бұрын таза болу керек ⑪.
- Қақпақты корпусқа қойған кезде, жақсы нығыздалуды қамтамасыз ету және төгілудің алдын алу үшін әрқашан қақпақ пен корпус жиектерінің таза және құрғақ болуын қамтамасыз етіңіз.

кесу/үгіту дискісінің қауіпсіздігі

- **Кесу дискі толығымен тоқтамайынша, ешқашан қақпағын ашпаңыз.**
- **Кесу дискілерін абайлап ұстаңыз, олар тым өткір.**
- **Ыдысты шамадан тыс толтырмаңыз – ыдыста көрсетілген ең үлкен көлем деңгейінен асырмаңыз.**

ықшам ұсақтағыш/уатқыш қауіпсіздігі

- Құтыны салмайынша, алмасты ешқашан тағамды өңдеу құралына салмаңыз.
- Ықшам ұсақтағыш/уатқыш құрылғыға салынғанда, ешқашан құтыны бұрап, босатып алмаңыз.
- Өткір алмастарды ұстамаңыз – Алмас бөлігін балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз.
- Алмастар толығымен тоқтамайынша, ешқашан ықшам ұсақтағышты/уатқышты құрылғыдан алмаңыз.
- Ықшам ұсақтағыштың/уатқыштың ұзақ қызмет етуін қамтамасыз ету үшін, оны үздіксіз 60 секундтан ұзақ іске қоспаңыз. Дұрыс қоюлыққа қол жеткізген бойда өшіріңіз.
- Ықшам ұсақтағыш/уатқыш дұрыс салынбаса, құрылғы жұмыс істемейді.
- Ол тым қатты болғандықтан және алмастарға зақым келтіруі мүмкін болғандықтан, ықшам ұсақтағышта/уатқышта канадалық сарбұрауды өткізбеңіз.

шырын сыққыш қауіпсіздігі

- **Сүзгіге зақым келсе, шырын сыққышты қолданбаңыз.**
- Берілген итеру құралын ғана қолданыңыз. Беру түтікшесіне ешқашан саусақтарыңызды салмаңыз. Беру түтікшесін блоктан босатпас бұрын токтан ажытарпаңыз.
- Қақпақты алмас бұрын, өшіріңіз және сүзгінің тоқтағанын күтіңіз.

тоққа қоспас бұрын

- Сіздің электр жабдықтауыңыз құрылғының төменгі бөлігінде көрсетілгендей екендігіне көз жеткізіңіз.
- Бұл құрылғы Электромагниттік сәйкестік бойынша ЕС-тің 2004/108/ЕС нұсқамасына және азық-түлікпен қолдануға арналған материалдар бойынша. 27/10/2004 жылғы ЕС заңнамасының 1935/2004 нөміріне сәйкес келеді.

алғаш рет қолданбас бұрын

- 1 Пышақтан пластикалық алмас орамаларын алып тастаңыз. **Алмастар өте өткір болғандықтан абай болыңыз.** Осы орамаларды тастамаңыз, себебі олар қолдану және тасымалдау кезінде алмасты қорғайды.
- 2 Бөліктерін тазалау үшін «қызмет көрсету және тұтынушыларға кеңесті» көріңіз.

қауіпсіздік

өңдеу құралының пернесі

- ① қуат элементі
- ② алынбалы негізгі білік
- ③ Tritan™ табағы
- ④ Tritan™ қақпағы
- ⑤ кең беру түтікшесі
- ⑥ итеру құралдары
- ⑦ қорғаныс блоктары
- ⑧ сымды сақтау орны (артында)
- ⑨ қуат қосулы шамы
- ⑩ автоматты түйме
- ⑪ жылдамдықты/қозғалысты басқару өлшеу функциясы (Type FPM91)
- ⑫ кг/фунт түймесі
- ⑬ дисплей экраны
- ⑭ қосу/нөл түймесі
- ⑮ өлшеу табағы

жылуды сақтайтын блендер

- ⑯ мойын қақпағы
- ⑰ қақпақ
- ⑱ корпус
- ⑲ тығыздағыш дөңгелек
- ⑳ алмас бөлігі
- ㉑ мойын қақпағының клапандары

A - қалыпты тіркеме

- ㉒ пышақ
- ㉓ илеу құралы
- ㉔ екі жақты былғауыш
- ㉕ қойылтқыш құралы
- ㉖ ең үлкен көлемдегі диск
- ㉗ 4мм көсу дискі
- ㉘ 2мм көсу дискі
- ㉙ 4мм үгіту дискі
- ㉚ 2мм үгіту дискі
- ㉛ цитрус жемісінің шырынсыққышы

B - қосымша тіркемелер

Төменде тізімделген тіркемелердің барлығы тағамды өңдеу үлгісімен берілмейді. Тіркемелер үлгі нұсқасына байланысты болады. Қосымша ақпарат алу үшін немесе қосымша тіркемелерге тапсырыс беру үшін, «қызмет көрсету және тұтынушыларды қолдау» бөлімін қараңыз.

- ㉜ өте кішкентай ұнтақтау дискі (берілсе)
- ㉝ жіңішке жюльен дискі (берілсе)
- ㉞ декоративті көсу дискі (берілсе)
- ㉟ Фри картобы дискісі (берілсе)
- ㊱ кішкентай табақ және алмас (берілсе)
- ㊲ ықшам ұсақтағыш/уатқыш (берілсе)
- ㊳ цитрус шырынын сыққыш (берілсе)
- ㊴ метал шырын сыққыш (берілсе)

тағамды өңдеу құралын қолдану үшін

- 1 Алынбалы жетекші білікті қуат бөлігіне салыңыз ① – жетекші біліктің толық салынғанын қамтамасыз ету үшін жайлап төмен басыңыз.
- 2 **Одан** кейін табақты қуат бөлігіне салыңыз. Тұтқасын оң жаққа артқа қарай салып, ол құлыпталмайынша, сағат тілімен ② бұраңыз.
- 3 Ыдыстың негізгі білігіне тіркемені реттеңіз.
 - Ингредиенттерді қоспас бұрын әрқашан өңдеу құралындағы ыдыс пен тіркемені орнатыңыз.
- 4 Негізгі біліктің/құралдың жоғарғы жағын қақпақтың ортасына орналастыру арқылы қақпақты салыңыз ③.
- 5 Итеру құралдарын беру түтікшесіне салыңыз – қалпына құлыптау үшін кішкентай итеру құралын сағат тілімен бұраңыз ④.
 - **Табақ, қақпақ немесе кең беру түтікшесі ішкі құлпына дұрыс орнатылмаса, процессор жұмыс істемейді. Беру түтікшесі мен табақ тұтқасының оң жаққа орнатылғанын тексеріңіз.**
- 6 Токқа қосыңыз. Қуат қосулы шамы жанады және ыдыс пен қақпағы дұрыс қойылғанша жыпылықтап тұрады. Келесі параметрлердің бірін таңдаңыз: - Автоматты түйме – Автоматты түймесі басылғанда және тіркеме үшін оптималды жылдамдық автоматты түрде таңдалғанда, жанады. Жылдамдықты басқару – қажетті жылдамдықты қолмен таңдаңыз (ұсынылатын жылдамдық кестесінен қараңыз). Пульс – Пульс (P) түймесін қысқа соққылар үшін қолданыңыз. Басқару қалпында болғанда, пульс жұмыс істейді.
- 7 Өңдеу соңында жылдамдықты басқару түймесін «О» өшірулі қалпына қойыңыз немесе Автоматты басу түймесін қолдансаңыз, жарық өшеді.
 - **Қақпақ, табақ немесе кең беру түтікшесі дұрыс орнатылмаса, қуат қосулы шамы жыпылықтайды.**
 - **Авто таңдалған болса, бірақ ішкі құлыптары салынбаса, қуат қосулы және авто шамдары жыпылықтайды.**
 - **Автоматты түймесі жылдамдықты басқару түймесінде жылдамдық таңдалғанда, жанбайды.**
 - **Қақпақты алып тастамас бұрын әрқашан құралды өшіріңіз және токтан ажыратыңыз.**

маңызды

- Өңдеу құралы кофе дөңдерін ұнтақтау немесе майдалау үшін, немесе түйіршік қантты құм шекерге айналдыруға жарамайды.

Эко функциясы

Тағамды өңдеу құралы қолданылмай, 30 минуттан астам уақытқа қосулы қалдырылса, энергияны тұтынуды азайту үшін ол күту режиміне өнеді.

- Қуат қосулы шамы жай жыпылықтайды және тағамды өңдеу құралы келесі әрекеттердің бірі орындалмайынша жұмыс істемейді:-
- Автоматты түймесі басылмайынша.
- Жылдамдықты басқару түймесінде жылдамдық таңдалған және қайтадан «О» өшірулі қалпына кері қойылған.

Қолдануға дайын болғанда шам тұрақты жанады.

Ескертпе: Ыдыс немесе қақпақ блокқа салынбаған болса, қуат қосушы шамы ЭКО функцияға қарағанда жылдамырақ жыпылықтайды.


Өлшеу функциясы (Type FPM91)

Тағамды өңдеу құралы кірістірілген өлшеу функциясымен жабдықталған, ол ыдыстағы немесе блендер корпусындағы тағамның салмағын тікелей өлшеуге мүмкіндік береді.

- Ең үлкен өлшеу салмағы — 3кг. Бұл ыдысты немесе корпусы қосқандағы барлық тағамның жалпы салмағы.

Өлшеу функциясын қолдану үшін

- 1 Ингредиенттерді қоспас бұрын әрқашан алынбалы жетекші білікті, табақты және тіркемені немесе блендер бокалын қуат бөлігіне салыңыз.
- 2 Токқа қосу — дисплей экраны жыпылықтауды жалғастырады.
- 3 ҚОСУ/НӨЛ түймесін бір рет басыңыз және дисплей экраны жанады.
- 4 Граммы немесе унцияны таңдау үшін (кг/фунт) түймесін басыңыз. Дисплей алғаш рет қосылған кезде кг/г үшін әдепкі болады.
- Бөлік 2 г-нан артық тағамдарды өлшеуге арналған және шай қасық/ас қасық өлшемдері аз мөлшердегі заттарды өлшеуге арналған.
- 5 Дисплейдің «0» мәнін көрсетіп тұрғанын тексеріңіз, ол болмаса, ҚОСУ/НӨЛ түймесін басып, нөлге қойыңыз. Одан кейін қажетті тағамдарды тікелей ыдыста немесе корпуста өлшеңіз. Өлшем көрсетілгеннен кейін, ҚОСУ/НӨЛ түймесін басыңыз, дисплей «0» мәніне қайтарылады. Келесі тағамдарды қосқанда, сол салмақ көрсетіледі. Барлық тағамдардың салмағы өлшенгенше, әрекетті қайталаңыз.
- Дисплей нөлді көрсетпесе және ыдыс/тіркеме/қақпақ алынып тасталса, дисплей теріс мәнді көрсету үшін [- - -] мәнін береді.
Нөл мәні үшін ҚОСУ/НӨЛ түймесін бір рет басыңыз.
- 6 Қақпақты қосып, өңдеу құралын іске қосу үшін жылдамдықты таңдаңыз.




- Жұмыс істеу кезінде дисплей экраны жылдамдықты басқару «О» өшірулі қалпына қайтарылмайынша, [- - -] болып қатып тұрады.
- Өңдегеннен кейін, жылдамдықты басқару «О» өшіру қалпына қайтарылғанда, соңғы салмақ экранда көрсетіледі. Ескертпе: қосылмас бұрын дисплей нөлді көрсеткенде қақпақтың салмағы қосылады.
- Өңдеу құралы іске қосылғанда кез келген қосымша тағамның салмағы бағыттауыш түтікшеге қосылғанда дисплей экранында көрсетілмейді.

15 өлшеу табағы

Алынбалы өлшеу табағы ыдыссыз немесе блендерсіз тағамдардың салмағын өлшеу үшін берілген.

Қолдану үшін, табақты қуат бөлігінің жоғарғы жағына қойыңыз. Одан кейін «өлшеу функциясын қолдану үшін» тармағындағы 2 және 5 аралығындағы қадамдарды орындаңыз.



Алып тастау үшін, жай ғана табақты көтеріңіз.

автоматты түрде өшіру

- Бірдей өлшем көрсеткіші 5 минуттан кейін көрсетілсе, дисплей экраны автоматты түрде өшіріледі.
 - ҚОСУ/НӨЛ түймесі басып, бірнеше секундқа ұстап тұру арқылы дисплей экранын қолмен өшіруге болады.
- маңызды**
- 3 кг ең үлкен салмақтан асыру арқылы шамадан тыс жүктемеңіз. Өлшеу функциясы шамадан тыс асырылса, дисплей [0 – Ld] деп көрсетеді.
 - Өлшеу сенсорына зақым келтіруі мүмкін болғандықтан, шамадан тыс күшпен баспаңыз.
 - Өлшеуге байланысты өңдеу құралын әрқашан құрғақ, тегіс беткейге қойыңыз.
 - Өлшеу функциясын іске қосқанда, қуат бөлігін қозғамаңыз.

жылу сақтағыш блендерді қолдану

1 Тығыздағыш дөңгелекті ⑱ алмас бөлігіне ⑳ салыңыз, тығыздағыштың саңылау аймағына дұрыс орналастырылғанын тексеріңіз.

● **Тығыздағыш зақымдалса немесе дұрыс салынбаса, төгілу орын алуы мүмкін.**

2 Алмас бөлігінің ㉑ төменгі жағын ұстап, алмастарды корпусқа салып, ол сырт өткенше сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз ㉒. Келесі сияқты алмастың төменгі жағындағы суреттерге қараңыз:

 – құлыпталмаған қалып

 – құлыпталған қалып

Дұрыс құрастырылмаса, блендер жұмыс істемейді.

3 Тағамдарды корпусына салыңыз.

4 Корпусқа қақпағын салып, қауіпсіздендіру үшін оны басыңыз ㉓. Фильтр қақпағын реттеңіз.

5 Блендерді қуат бөлігіне қойып, құлыптау үшін сағат тілі бағытымен бұраңыз ㉔.

● **Блендер блокқа дұрыс қойылмаса, құрал жұмыс істемейді.**

6 Авто түймесін немесе жылдамдық түймесін басыңыз (ұсынылатын жылдамдық кестесін қараңыз) немесе пульсті басқаруды қолданыңыз.

кеңестер

- Майонез жасаған кезде, майдан басқа ингредиенттерді блендерге салыңыз. Мойын қақпағын алып тастаңыз. Одан кейін құрылғы іске қосылғанда, қапактағы тесік арқылы майды жайлап құйыңыз.
- Қою қоспалар, мысалы, паштет және тұздықтар, қырып алуды қажет етуі мүмкін. Қоспа өңдеуге қиын болса, аздап сұйықтықты қосыңыз.
- Мұзды майдалау – қалаған түрге дейін майдаланғанша, қысқа соққылар үшін пульс мүмкіндігін іске қосыңыз.
- Бөліктерді өңдеу ұсынылмайды, себебі пластикалық бөліктерге зақым келуі мүмкін.
- Блендер дұрыс салынбаса, құрал жұмыс істемейді.
- Құрғақ ингредиенттерді блендерден өткізу үшін, бөліктерге бөліңіз, мойын қақпағын алып тастаңыз, одан кейін құрал іске қосылғанда бөліктерді бір-бірлеп тастаңыз. Іске қосқан кезде, қолыңызды әрі ұстаңыз. Ең жақсы нәтижелер үшін жиі босатып тұрыңыз.
- Блендерді сақтау контейнері ретінде қолданбаңыз. Оны қолданбас бұрын және болғаннан кейін босатып қойыңыз.
- 1,6 литрден көп мөлшерді блендерден өткізбеңіз – сүт коктейльдері сияқты көбікті сұйықтықтар үшін азырақ.

Ұсынылатын жылдамдық кестесі

құрал/тіркеме	функция	Ұсынылатын жылдамдық	Өңдеу уақыты *	Ең үлкен мөлшер
Пышақ	Барлығы бір кекс қоспасында	8	15-20 сек	2кг ұн салмағы
	Пісірілген нан – ұнға қосу	5- 8	10 сек	500г ұн салмағы
	Нан ингредиенттерін біріктіру үшін су қосу		10-20 сек	
	Балықты және майсыз етті кесу Паштет және ет өнімдері	Пульс – 8	10-30 сек	1кг макс майсыз сиыр еті
	Көкөністерді кесу	Пульс	5-10 сек	500г
	Жаңғақтарды майдалау	8	30-60 сек	200г
	Жұмсақ жемісті майдалау, пісірілген жеміс пен өсімдіктер	8	10-30 сек	1кг
Ең үлкен көлемді дискісі бар пышақ	Соустар, дәмдеуіштер мен тұздықтар	8	2 мин макс	800г
	Салқын сорпалар	Төмен жылдамдықтан	30-60 сек	2 литр
Екі жақты былғауыш	Сут коктейлдері/көпіршітілген	бастап, арттыру	15-30 сек	1,5 литр ең үлкен
	Жұмыртқа ақуызы	8	60-90 сек	2 – 8 (70г – 280г)
	Майсыз бисквиттер үшін жұмыртқа мен қант	8	4-5 мин	3 жұмыртқа (150г)
	Крем	8	30 сек	250 мл
Қойылтқыш құралы	Көпіршіктендіру кремі мен жеміс еzbесі	1 – 2	60 сек	300г крем, 300г eзбе
	Жұмыртқа ақуыздарын ауыр қоспаларға қосу	1 – 2	60 сек	жалпы салмағы 600г
	Бадам печеньесі	1 – 2	60 сек	500г жалпы салмағы
Илеу құралы	Ашытылған қоспалар	8	60 сек	1,3кг жалпы салмағы
	Ақ нан ұны	8	60 сек	650г ұн салмағы
	Сүзілмеген ұннан жасалған нан	8	60 сек	500г ұн салмағы
Дискілер - кесу/үгу	Сәбіз, қатты сыр сияқты қатты тағам бөліктері	5 – 8	–	Ыдыста көрсетілген ең үлкен мөлшерден артық толтырмаңыз
	Қияр, қызанақ сияқты жұмсағырақ көкөністер	1 – 5	–	
Өте майда үккіш	Неміс картоп самсаларын жасау үшін пармезан сыры, картоп	8	–	
жіңішке жульен дискі	Картоп сабандары және рости Сир фрай мен көкөніс гарнирі үшін	8	–	
Декоративті кесу дискі	Сәбіздер мен картоптар сияқты қатты тағам бөліктері Қияр сияқты жұмсағырақ тағам элементтері	5 – 8	–	
Фри картобы дискісі	Жіңішке фри картобын алу үшін картопты кесіңіз және көкөніс пісірмелері мен тұздық алу үшін ингредиенттерін кесіңіз (мыс., қияр, алма және алмұрт).	8	–	
Жылуды сақтайтын блендер	Салқын сұйықтықтар мен сусындар	8	15-30 сек	1,6 литр
	Дайын негіздегі сорпалар	8	30 сек	1,2 литр
	Сүттен жасалған сорпа	8	30 сек	1 литр
	Блендерден өткізбес бұрын ыстық ингредиенттерді салқындатуды ұсынамыз. Дегенмен ыстық ингредиенттерді блендерден өткізуді қаласаңыз, Ыстық тағамдарды блендерден өткізу бойынша қауіпсіздік нұсқауларын оқып шығыңыз.			
Кішкентай ыдыс пен пышақ	Ет	8	20 сек + Пульс	300 Майсыз сиыр еті
	Шөптерді майдалау	8	30 сек	20г
	Жаңғақтарды майдалау	8	30 сек	100г
	Майонез	8	30 сек	2 жұмыртқа 300г май
	Езбелер	8	30 сек	200г
Ықшам ұсақтағыш/уатқыш	Дәмдеуіштер тізбегін өңдеу	8	30-60 сек	100г
	Кофе бұршақтарын ұнтақтау	8	30 сек	75г
	Жаңғақтарды ұсақтау	Пульс	5 сек	140г
	Майсыз сиыр еті стейкі (2 см көлемде кесіңіз)	Пульс	10 сек	200г
Цитрус шырынын сыққыш	Кішкентай бөліктері, мыс., лайм және лимон	1 – 2	–	2кг
	Үлкен жемістер, мыс., апельсин және грейпфрут			
Шырын сыққыш	Қатты жеміс пен көкөністердің шырыны, мыс., алма және сәбіз автоматты	авто	–	1кг алма 800г сәбіз
	Жұмсақ жемістер шырыны, мыс., жүзім және қызанақ	авто	–	500г

* Бұл тек нұсқаулық үшін нақты рецептке және өңделетін элементтерге байланысты басқаша болуы мүмкін.

тіркемелерді қолдану

Әрбір тіркеме үшін ұсынылатын жылдамдық кестесін қараңыз.

22 пышақ

Пышақ барлық тіркемелердің ішінде ең көп қолданылатын бөлігі.

Өңдеу уақытының ұзақтығы алынған құрылымды анықтайды. Дөрекі құрылым үшін пульсті басқару түймесін қолданыңыз.

Пышақты торт пен нан өнімдерін жасау, піспеген және піскен етті, көкөністерді кесу, жаңғақтарды, паштетті, тұздықты, өзілген сорпаларды және бисквит пен наннан ұнтақ дайындау үшін қолданыңыз.

кеңестер

- Ет, нан, өсімдіктер сияқты тағамды өңдемес бұрын шамамен 2см/3/4дюйм бөліктерге бөліңіз.
- Бисквиттерді бөліктерге бөлу және құрал іске қосылып тұрғанда бағыттауыш түтікшеге салу қажет.
- Пісірілген нан өнімдерін жасаған кезде тоңазытқыштан тікелей майды алып 2см/3/4дюйм бөліктерге бөліп қолданыңыз.
- Шамадан тыс өңдеп жібермеңіз.

23 илеу құралы

Ашытылған ұн қоспалары үшін қолданыңыз.

- Құрғақ ингредиенттерді ыдысқа салып, құрал іске қосылып тұрғанда, бағыттауыш түтікшеге сұйықтықты құйыңыз. Илетін жұмсақ қамыр шары жасалмайынша өңдеңіз, шамамен 60 секунд уақыт жұмсалуды мүмкін.
- Тек қолмен қайта илеңіз. Ыдыста қайта илеуге кеңес берілмейді, ол өңдеу құралының тұрақты болмауына әкелуі мүмкін.

24 екі жақты былғауыш

Жұмыртқа ақуызы, крем, қоюлатылған сүт сияқты тек жеңіл қоспалар үшін және майсыз бисквитке жұмыртқа мен қантты былғау үшін қолданыңыз. Май мен ұн сияқты ауыр қоспалар оны бұзады.

былғауышты қолдану

- 1 Алынбалы жетекші білік пен табақты қуат бөлігіне салыңыз.
- 2 Әрбір былғауышты 8 негізгі білікке қауіпсіз басып салыңыз.
- 3 Негізгі білікке салынбайынша былғауышты абайлап бұрау арқылы сәйкестендіріңіз.
- 4 Ингредиенттерді қосыңыз.
- 5 Қақпағын салыңыз, біліктің ұшы қақпақтың ортасына орналасуын қамтамасыз етіңіз.
- 6 Қосыңыз.

маңызды

- Білік бір барлығын бір кекс қоспасында жасау үшін ыңғайлы емес, себебі бұл қоспалар тым ауыр және оған зақым келтіруі мүмкін. Әрқашан пышақты қолданыңыз.

кеңестер

- Жұмыртқа бөлме температурасында болған кезде, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады.
- Ыдыс пен біліктердің таза болуын және былғамас бұрын май болмауын қамтамасыз етіңіз.
- Ұн мен кептірілген жеміс сияқты ауырырақ ингредиенттерді қолмен илеу керек.
- Ұсынылатын жылдамдық кестесіндегі ең үлкен мөлшерден немесе өңдеу уақытынан асырмаңыз.

25 қойылтқыш құралы

Жеңіл ингредиенттерді ауырырақ қоспаға айналдыру үшін қойылтқыш құралды қолданыңыз, мысалы, безе, мус және жеміс киселі.

- 1 Алынбалы жетекші білік пен табақты қуат бөлігіне салыңыз.
- 2 Әрбір былғауышты 9 негізгі білікке қауіпсіз басып салыңыз.
- 3 Қойылтқыш құралды ол негізгі білікке салынбайынша жайлап бұраңыз.
- 4 Ингредиенттерді қосыңыз.
- 5 Қақпағын салыңыз, біліктің ұшы қақпақтың ортасына орналасуын қамтамасыз етіңіз.
- 6 Төмен жылдамдықты таңдаңыз (1 -2 жылдамдығы).

былғауышты алып тастау үшін

Босату түймесін басып 10 негізгі біліктен былғауышты алып тастаңыз.

кеңестер

- Қойылтуды орындау үшін төмен жылдамдық қажет болғандықтан, автоматты немесе жоғары жылдамдықты қолданбаңыз.
- Ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін жұмыртқа ақуызын немесе кремді қатты көпіршітпеңіз, қойылтқыш құралы көпіршітілген қоспа тым қатты болғанда, қоспаны дұрыс қойылтпайды.
- Ауа кіріп, қоспа тым бос болуы мүмкін болғандықтан, ұсынылатын жылдамдық кестесінде көрсетілген уақыттан ұзағырақ қоспаны қойылтпаңыз.
- Кез келген былғауыштағы немесе жан-жақтарындағы араластырылмаған ингредиенттерді қалақшаны қолданып мұқият араластыру қажет.

26 ең үлкен көлемдегі диск

Сұйықтықтарды блендерден өткізген кезде, пышақ алмасы бар ең үлкен көлемді дискіні қолданыңыз. Ол 1,4 литрден өңделетін сұйықтық мөлшерін 2 литрге арттыруға, төгілуді болдырмауға мүмкіндік береді және алмастың кесу жұмысын жақсартады.

- 1 Алынбалы жетекші білік пен табақты қуат бөлігіне салыңыз.
- 2 Пышақ алмасын салыңыз.
- 3 Өңделетін ингредиенттерді қосыңыз.
- 4 Ол ыдыстың ішіндегі шығыңқы орынға салынатындай, алмастың жоғарғы жағына көлемді дискіні сәйкестендіріңіз 10. Көлемді дискіні төмен баспаңыз.
- 5 Қақпақты салып, қосыңыз.

кесу/үгіту дискілері

кесу дискілері - 4мм 27, 2мм 28

Сыр, сәбіз, картоп, қырыққабат, қияр, кәді, қызылша мен пияз үшін кесу жағын пайдаланыңыз.

үгіту дискілері - 4мм 29, 2мм 30

Сыр, сәбіз, картоп және осындай құрылымды тағамдар үшін үгіту жағын пайдаланыңыз.

өте кішкентай ұнтақтау дискі 32 (берілсе)

Неміс картоп самсасы үшін пармезан сыры мен картопты ұнтақтайды.

жіңішке жульен 33 (берілсе)

Картопты сабандарға бөлу және рости, стир фрай мен көкөніс гарнирі үшін үлкен үгіндіні алу мақсатында қолданыңыз.

декоративті кесу дискі 34 (берілсе)

Картопты, сәбізді, қиярды және бірдей құрылымдағы тағамдарды бөлу үшін ирек пішімді кесінділерді алу үшін қолданыңыз.

Фри картобы дискісі 35 (берілсе)

Жіңішке фри картобын алу үшін картопты кесіңіз және көкөніс пісірмелері мен тұздық алу үшін ингредиенттерін кесіңіз (мыс., қияр, алма және алмұрт).

қауіпсіздік

- Кесу дискі толығымен тоқтамайынша, ешқашан қақпағын ашпаңыз.
- Кесу дискілерін абайлап ұстаңыз, олар тым өткір.
- Ыдысты шамадан тыс толтырмаңыз – ыдыста көрсетілген ең үлкен көлем деңгейінен асырмаңыз.

кесу дискілерін қолдану

- 1 Алынбалы жетекші білік пен табақты қуат бөлігіне салыңыз.
- 2 Орталық тұтқаны қолданып сәйкес жағын жоғары қаратып негізгі білікке дискіні салыңыз 12.
- 3 Қақпағын жабыңыз.
- 4 Тағамды бағыттауыш түтікшеге салыңыз.
Беру түтікшесінің қандай өлшемін қолданатыныңызды таңдаңыз. Итеру құралы жеке заттарды немесе жіңішке тағам элементтерін өңдеу үшін кішірек беру түтікшесін қамтиды.
Кішкентай бағыттауыш түтікшені қолдану үшін – алдымен бағыттауыш түтікшенің ішіне үлкен итеру құралын салыңыз.
Кең беру түтікшесін қолдану үшін, кішкентай итеру құралын кең итеру құралына салыңыз және орнына құлыптау үшін сағат тілімен бұраңыз.
Кең беру түтікшесі итеру құралы дұрыс жұмыс орнатылмайынша өңдеу құралы дұрыс жұмыс істемейтіндіктен, беру түтікшесін ең үлкен деңгейден толтырмаңыз.
- 5 Іске қосып, итеру құралымен жайлап итеріңіз – бағыттауыш түтікшеге ешқашан саусақтарыңызды салмаңыз.

Кеңестер

- Жаңа ингредиенттерді қолданыңыз
- Тағамды тым кішкентай етіп кеспеңіз. Бағыттауыш түтікшенің енін нақты толтырыңыз. Бұл өңдеу кезінде бүйірлеріне таяуды болдырмайды. Балама кішкентай бағыттауыш түтікшелерді қолданыңыз.
- Жульен дискін қолданған кезде, ингредиенттерді тігінен салыңыз.
- Кескен немесе үгіткен кезде: тағамды жоғары қаратып салу 13 тағамды тігінен салуға қарағанда кішірек болады 14.
- тағамды жоғары қаратып салу тағамды тігінен салуға қарағанда кішірек болады.
- Өңдегеннен кейін әрқашан дискіде немесе ыдыста қалдықтың аз бөлігі қалады.

36 кішкентай табақ пен алмас (берілсе)

Шөптерді кесу және ингредиенттердің кішкентай мөлшерін өңдеу үшін кішкентай өңдеу құралы табағын қолданыңыз, мысалы, ет, пияз, жаңғақтар, майонез, көкөністер, езбелер, соустар мен бала тағамдары.

Ыдысты шамадан тыс толтырмаңыз.

- a кішкентай алмас
- b кішкентай табақ

кішкентай табақ пен пышақты қолдану

- 1 Алынбалы жетекші білік пен табақты қуат бөлігіне салыңыз.
- 2 Кішкентай табақты алынбалы негізгі біліктің үстіне салыңыз, кесу бөліктерін негізгі табақтағы орналастыру белгілерімен 15 туралаңыз.
Ескертпе: Негізгі табақ қақпағын кішкентай табақ дұрыс қойылмаса, салу мүмкін болмайды.
- 3 Пышақты негізгі білікке қойыңыз 16.
- 4 Өңделетін ингредиенттерді қосыңыз.
- 5 Қақпақты салып, қосыңыз.

қауіпсіздік

- Пышақ толығымен тоқтамайынша, ешқашан қақпағын ашпаңыз.
- Пышақ алмасы тым өткір, әрқашан сақтықпен қолданыңыз.
- маңызды**
- Специяларды өңдемеңіз, олар пластикке зақым келтіруі мүмкін.
- Кофе дәндері, мұз бөліктері немесе шоколад сияқты қатты заттарды өңдемеңіз, олар алмасқа зақым келтіруі мүмкін.

37 ықшам ұсақтағыш/уатқыш (берілсе)

Жаңғақтар, кофе бұршақтары сияқты құрғақ ингредиенттерді өңдеу үшін ықшам ұсақтағышты/уатқышты қолданыңыз және ол келесі сияқты дәмдеуіштер тізбегін өңдеу үшін де ыңғайлы: - Қара бұрыш, кардамон тұқымдары, зире тұқымдары, күнзе тұқымдары, фенхел тұқымдары, жас жанжабіл тамыры, жас бұрыштар мен бүтін қалампыр.

- a тығыздауыш дөңгелек
- b алмас бөлігі
- c шыны құты

ықшам ұсақтағышты/уатқышты қолдану үшін

- 1 Ингредиенттерді құтыға салыңыз. Жартыдан асырмай құйыңыз.
- 2 Тығыздауыш дөңгелекті алмас бөлігіне салыңыз.
- 3 Алмас бөлігінің төменгі жағынан ұстап, алмастарды құтыға салыңыз, құлыптау үшін оны сағат тіліне қарсы бұраңыз 16.
- 4 Ықшам ұсақтағышты/уатқышты қуат бөлігіне салып, құлыптау үшін сағат тілімен бұраңыз 18.
- 5 Авто түймесін қолданыңыз немесе жылдамдықты таңдаңыз (ұсынылатын жылдамдық диаграммасын қараңыз).

қауіпсіздік

- Құтыны салмайынша, алмасты ешқашан тағамды өңдеу құралына салмаңыз.
- Ықшам ұсақтағыш/уатқыш құрылғыға салынғанда, ешқашан құтыны бұрап, босатып алмаңыз.
- Өткір алмастарды ұстамаңыз – Алмас бөлігін балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз.
- Алмастар толығымен тоқтамайынша, ешқашан ықшам ұсақтағышты/уатқышты құрылғыдан алмаңыз.
- Ұнтағыштың ұзақ қызмет етуін қамтамасыз ету үшін, оны үздіксіз 60 секундтан ұзақ іске қоспаңыз. Дұрыс қоюлыққа қол жеткізген бойда өшіріңіз.
- Ықшам ұсақтағыш/уатқыш дұрыс салынбаса, құрылғы жұмыс істемейді.
- Ол тым қатты болғандықтан және алмастарға зақым келтіруі мүмкін болғандықтан, ықшам ұсақтағышта/уатқышта канадалық сарбұрауды өткізбеңіз.

кеңестер

- Дәмдеуіштерді өңдеген кезде оңтайлы өнімділікке қол жеткізу үшін, ықшам ұсақтағышты/уатқышты бір уақытта 100г көлемінен артық өңдемеуді ұсынамыз.
- Тұтас дәмдеуіштер жұпар иісін ұнтақталған дәмдеуіштерге қарағанда ұзағырақ сақтайтындықтан, жұпар иісін сақтау үшін бір уақытта кішкентай жаңа мөлшерін ұнтаған жөн.
- Ең көп жұпар иісін және эфир майларын шығарып алу үшін, тұтас дәмдеуіштерді ұнтақтағанда өте жақсы қуырылады.
- Өңдемес бұрын жанжабілді кішкентай бөліктерге кесіңіз.
- Көкөністі кескен кезде ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін, кішкентай табақты қолдану ұсынылады.

38 цитрус шырынын сыққыш

Осы цитрус шырынын сыққышты цитрус жемістерінің шырынын сығу үшін қолданыңыз (мыс., апельсин, лимон, лайм және грейпфрут).

- a конус
- b елеуіш

цитрус шырынын сыққышты қолдану үшін

- 1 Табақты қуат бөлігіне салып, алынбалы жетекші білігін қосыңыз.
- 2 Елеуішті табаққа салыңыз, елеуіш тұтқасының табақ тұтқасы қалпының үстіне тікелей құлыпталғанын тексеріңіз 19.
- 3 Ол толық төмен түскенше, конусты жетекші біліктің үстіне салыңыз 20.
- 4 Жемісті екіге бөліңіз. Одан кейін қосыңыз және жемісті конусқа салып басыңыз.
- **Елеуіш дұрыс құлыптанбаса, цитрус шырынын сыққыш жұмыс істемейді.**
- Ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін жемісті бөлме температурасында сақтап, шырынын сығыңыз және шырынды сықпас бұрын қолыңызбен жұмыс үстелінде айналдырыңыз.
- Шырынды сығуға көмектесу үшін, шырынды сыққан кезде жемісті бір жағынан екінші жағына қозғаңыз.
- Көп мөлшерде шырынды сыққан кезде, мәйегі мен тұқымдарының тұрып қалуының алдын алу үшін сүзгіні жүйелі түрде босатып тұрыңыз.

39 метал шырын сыққыш (берілсе)

Қатты жемістің және көкөністің шырынын сығу үшін центрифугалы шырын сыққышты пайдаланыңыз.

- a итеру құралы
- b қақпақ
- c мәйегін шығарып алғыш
- d сүзгі барабаны
- e табақ
- f шырын түтігі
- g шырын сыққышты жинақтағыш адаптер

шырын сыққышты қолдану үшін

- 1 Жинақтағыш адаптерді қуат бөлігіне салыңыз 21 – адаптердің дұрыс салынғанын қамтамасыз ету үшін жайлап төмен басыңыз.
- 2 Одан кейін табақты салыңыз. Тұтқаны артқы жағына салып, ол құлыпталғанша сағат тілімен бұраңыз 22.
- 3 Мәйегін алғышты сүзгі барабанына салыңыз, барабанның төменгі жағындағы ұяларына ілмектерінің кіруін қамтамасыз етіңіз 23.
- 4 Сүзгі барабанын сәйкестендіріңіз 24.
- 5 Тіркеме қақпағын табаққа салып, ол құлыпталмайынша және беру түтікшесі тұтқаның үстіне түспейінше, бұраңыз 25. **Табақ немесе қақпақ ішкі құлыптарына дұрыс салынбаса, шырын сыққыш жұмыс істемейді.**

- 6 Шырын шығаратын бөлігінің төменгі жағына ыңғайлы стаканды немесе құтыны қойыңыз.
- 7 Беру түймесіне сыю үшін тағамды кесіңіз.
- 8 Авто түймесін басыңыз және итеру құралымен тегіс итеріңіз, **беру түтікшесіне ешқашан қолыңызды салып итермеңіз**. Тағы да қоспас бұрын толық өңдеп алыңыз.
- Соңғы бөлігін қосқаннан кейін, сүзгі барабанынан барлық шырынды сығып алу үшін шырын сыққышты 30 секундтан көбірек іске қосыңыз.

қауіпсіздік

- **Сүзгіге зақым келсе, шырын сыққышты қолданбаңыз.**
- Берілген итеру құралын ғана қолданыңыз. Беру түтікшесіне ешқашан саусақтарыңызды салмаңыз. Беру түтікшесін блоктан босатпас бұрын токтан ажытарпаңыз.
- Қақпақты алмас бұрын, өшіріңіз және сүзгінің тоқтағанын күтіңіз.

маңызды

- Шырын сыққыш дірілдеуді бастаса, өшіріңіз және барабанды мәйектен босатыңыз. (Мәйек тегіс таратылмаса, шырын сыққыш дірілдеп бастайды).
- Бір уақытта өңдеуге болатын ең үлкен мөлшер — жемістің немесе көкөністің 1кг мөлшері (жылдамдық диаграммасын қараңыз).
- Кейбір өте қатты тағамдар шырын сыққыштың өте баяу жұмыс істеуіне немесе тоқтатылуына әкелуі мүмкін. Осылай болса, өшіріңіз және сүзгіні блоктан босатыңыз.
- Өшіріңіз және қолданыс көзінде мәйекті жинау құралын жүйелі тазалап тұрыңыз.

кеңестер

- Өңдемес бұрын дәнектері мен сүйектерін (мыс., бұрыш, қауын, алша) және қатты терісін (мыс., қауын, ананас) тазалаңыз. Алманың және алмұрттың қабығын аршудың және өзегін алудың қажеті жоқ.
- Қатты, жас жеміс пен көкөністерді қолданыңыз.
- Шырын сыққыштың жұмысын арттыру үшін беру түтікшесіне бір уақытта аз мөлшер салып, жайлап төмен басыңыз.
- Цитрус жемісі - ақ өзегін алып тастаңыз, әйтпесе шырынның қышқыл дәм беруі мүмкін. Ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін цитрус шырынын сыққышты қолданыңыз.

31 тіркелген сақтау бөлігі

Ыдыс тіркемелері мен дискілер үшін тағамды өңдеу құралы сақтау жәшігімен жабдықталған.

- 1 Қолданбаған кезде пышақты және дискілерді сақтау жәшігіне салыңыз 26.
- 2 Сақтау жәшігі қорғаныс құлпымен жасалған, құлыптау үшін қақпақты жабыңыз. Ашу үшін түймені басып 27, қақпағын ашыңыз 28.

сақтау және тазалау

- Өрқашан тазаламас бұрын өшіріңіз және токтан ажыратыңыз.
- **Тым өткір болғандықтан, алмастары мен кесу дискілерін ерекше күтіммен ұстаңыз.**
- Кейбір тағамдардың пластиктің түзін бұзуы мүмкін. Бұл қалыпты және пластикке зақым келтірмейді немесе тағамның дәміне әсер етпейді. Түсінің бұзылуын кетіру үшін өсімдік майына батырылған матамен сүртіңіз.

қуат бөлігі

- Ылғал, одан кейін құрғақ матамен сүртіңіз. Блоктау аймағының тағам қалдықтарынан таза екенін тексеріңіз.
- Қуат бөлігін суға батырмаңыз.
- Артық сымды қуат бөлігінің артқы жағындағы сақтау жәшігіне салыңыз 29.

блендер және ықшам ұсақтағыш/уатқыш

- 1 Бокалды/құтыны босатыңыз, шығарып алу үшін құлыптан босату қалпына бұрау арқылы алмас бөлігін бұрап босатыңыз 30.
- 2 Бокалды/құтыны қолыңызбен жуыңыз.
- 3 Төсемелерін алып, жуыңыз.
- 4 Өткір алмастарын ұстамаңыз, ыстық сабынды суды қолданып оларды щеткамен жуыңыз және ағын судың астында мұқият шайыңыз. **Алмас бөлігін суға батырмаңыз.**
- 5 Жоғарыдан төмен қаратып құрғатып қойыңыз.

екі жақты былғауыш

- Оларды ақырын тарту арқылы білік басынан былғауыштарды алыңыз. Жылы сабынды суда жуыңыз.
- Білік басын ылғал, одан кейін құрғақ матамен сүртіңіз. **Білік басын суға батырмаңыз.**

қойылтқыш құралы

- Босату түймесін басып 31 негізгі біліктен былғауышты алып тастаңыз. Жылы сабынды суда жуыңыз.
- Білік басын ылғал, одан кейін құрғақ матамен сүртіңіз. **Білік басын суға батырмаңыз.**

центрифугалы шырын сыққыш

- Сүзгі барабанының негізіндегі кесу алмастары өте өткір, барабанды ұстаған және тазалаған кезде абай болыңыз.
- Кейбір тағамдар пластиктің түсін өзгертуі мүмкін. Бұл өте қалыпты жағдай және ол пластикке зиян келтірмейді және тағамның дәміне әсер етпейді. Түсінің өзгертілуін кетіру үшін өсімдік майына батырылған матамен сүртіңіз.

шырынды жинақтағыш адаптер

- Құрғақ матамен сүртіп, құрғатыңыз
- Адаптерді суға батырмаңыз.

барлық басқа бөліктері

- Қолмен жуып, көптіріңіз.
- Балама түрде оларды ыдыс жуу машинасында да жуу қауіпсіз және оны ыдыс жуатын машинаның жоғарғы бөлігінде жууға болады. Жылыту элементінің тікелей үстіндегі төменгі бөлігіне оларды қоймаңыз. Қысқа төмен температура (максимум 50°C) бағдарламасы ұсынылады.

элемент	ыдыс жуатын машинада қолдануға болады
негізгі табақ, кішкентай табақ, қақпақ, итеру құралы	✓
пышақ, илеу құралы	✓
алынбалы негізгі білік	✗
дискілер	✓
ең үлкен көлем дискі	✓
былғауыштар/қоюлатқыш құрал былғауышы Білік басын суға батырмаңыз	✓
блендер корпусы, қақпақ, мойын қақпағы	✓
алмас бөлігі мен блендерге арналған нығыздағыш	✗
алмас бөлігі және ықшам ұсақтағышқа/уатқышқа арналған төсеме	✗
ықшам ұсақтағыш/уатқыш құтысы	✓
цитрус шырынын сыққыш	✓
метал шырын сыққыш	✓
шырынды жинақтағыш адаптер	✗
қалақша	✓

қызмет көрсету және тұтынушыларға кеңес

- Егер сымға зиян келтірілсе, ол қауіпсіздік мақсатында, KENWOOD компаниясымен немесе өкілетті KENWOOD жөндеушісімен ауыстыртыңыз.
- **Өңдеу құралының жұмысында кез келген ақаулық туындаса, көмекшіге қоңырау шалмас бұрын, ақаулықтарды жою нұсқаулығын қараңыз.**
Егер сізге келесілер бойынша көмек қажет болса,
 - құрылғыны қолдануға
 - жөндеу жұмыстарына байланысты
 - құрылғыны сатып алған дүкенмен байланысыңыз.

Күн коды туралы ақпарат сіздің өніміңіздің төменгі бөлігінде немесе кестенің іші мен жанында орналасуы мүмкін. Күн коды жыл, ай кодтарынан кейін апта нөмірі түрінде көрсетіледі.
ЕСКЕРТПЕ: Алғашқы екі сан жылға, ал соңғы екі сан апта санына қатысты болады.
Мысалы: 2013 жылғы 1 қыркүйек 13L35

- Біріккен Корольдіктегі Kenwood компаниясы жобалаған және жасап шығарған.
- Қытайда жасалған.

Үлгі	TYPE FPM90	TYPE FPM91
Кернеу	220 – 240В	220 – 240В
Герц	50/60Гц	50/60Гц
Ватт	1300Вт	1300Вт

Өндірушінің мекенжайы:

Kenwood Limited, 1-3 Kenwood Business Park, New Lane, Havant, Hampshire PO9 2NH, UK

Импорттердің мекенжайы:

"Делонги" ААҚ, Ресей, 127055, Мәскеу қаласы, көше
Сушевская
27 үй, 3 құрылым
Тел: +7 (495) 781-26-76



ЕС 2002/96/ЕС ДИРЕКТИВИНЕ СӨЙКЕС ӨНІМДІ ДҰРЫС ПАЙДАҒА АСЫРУ ҮШІН МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ.

Өз жұмысын тоқтатқан кезде, өнім қалалық қалдық сияқты пайдаға асырылмауы керек.
Ол қалдықтарды сыныптайтын қызметті атқаратын жергілікті биліктің арнайы мекемесіне немесе осы қызметті беруші сатушының орталығына жіберілуі керек.
Үй шаруасындағы құрылғыларды пайдаға асыру жекеше түрде денсаулық пен қоршаған ортаға зиян келтіруден және қажетті емес іске асырудан сақтанады және шығарылған заттар ресурстар мен энергияны үнемдеу үшін көмегі тиеді. Жекеше үй шаруасындағы заттарды пайдаға асыруды еске салатын белгісі ретінде сол өнімдер қоқыс үйіндісін сызып тастаған белгімен белгіленген.

ақаулықтарды жою нұсқаулығы		
Мәселе	Салдар	Шешім
Өңдеу құралы жұмыс істемейді.	Қуат жоқ Ешбір қуат/индикатор шамы жанып тұрған жоқ. Ыдыс қуат элементіне дұрыс қойылмаған. Ыдыс қақпағы дұрыс салынбаған. Эко функциясы жұмыс істеп тұр.	Өңдеу құралының қосылғанын тексеріңіз. Ыдыстың дұрыс орналастырылғанын және тұтқаны оң жаққа орналастырғаныңызды тексеріңіз. Қақпақ блогы тұтқа аймағына дұрыс орналастырылғанын тексеріңіз. Ыдыс пен қақпақтың дұрыс салынса, өңдеу құралы жұмыс істемейді. Автоматты түймесін басыңыз немесе жылдамдықты басқару түймесін бұраңыз, одан кейін Эко функциясын өшіру үшін «О» қалпына қайтарыңыз. Жоғарыдағы тексерулердің ешбірі көмектеспесе, үйіңіздегі қорғаныс құралын/ажыратқышты тексеріңіз.
Ықшам ұсақтағыш/уатқыш жұмыс істемейді.	Ықшам ұсақтағыш/уатқыш дұрыс құлыпталмаған. Ықшам ұсақтағыш/уатқыш дұрыс жиналмаған.	Ықшам ұсақтағыш/уатқыш ішкі құлпына дұрыс салынбаса, жұмыс істемейді. Алмас бөлігінің ықшам ұсақтағыш/уатқыш құтысына толық бекітіліп орнатылғанын тексеріңіз.
Блендер жұмыс істемейді.	Блендер дұрыс орналастырылмаған. Блендер дұрыс құрастырылмаған.	Блендер блокқа дұрыс қойылмаса, дұрыс жұмыс істемейді. Корпусқа алмас бөлігінің дұрыс сәйкестендірілгенін тексеріңіз.
Өңдеу кезінде, өңдеу құралы тоқтайды немесе жай жұмыс істейді.	Шамадан тыс қорғаныс қосылған. Өңдеу құралы шамадан тыс жүктелген немесе жұмыс істеу кезінде қызып кеткен. Ең үлкен көлемнен асырылады.	Өшіріңіз, токтан ажыратыңыз және шамамен 15 минут бойына құралдың сууына мүмкіндік беріңіз. Ең үлкен өңдеу мүмкіндігі үшін жылдамдық кестесін қараңыз.
Өлшеу функциясы Дисплей экраны [- - -] түрінде қатады. Дисплей экранында салмақ өзгертіледі.	Өлшенген мөлшер тым аз. Қуат бөлігі жұмыс істеу кезінде қозғалтылған.	Өте кішкентай мөлшер үшін шай қасықты және ас қасықты қолданыңыз. Бөлікті қолданған кезде жылжитпаңыз. Келесі ингредиенттерді өлшемес бұрын, дисплейді нөлге қойыңыз.
Қуат қосулы шамы жылдам жыпылықтайды.	Қалыпты әрекет. Табақ, қақпақ немесе блендер қуат бөлігіне дұрыс салынбаса немесе орнына дұрыс құлыптанбаса, шам жыпылықтайды.	Блоктаудың дұрыс реттелгенін тексеріңіз.

ақаулықтарды жою нұсқаулығы		
Мәселе	Салдар	Шешім
Қуат қосулы шамы жайлап жыпылықтайды.	Қалыпты әрекет. Тағамды өңдеу құралы 30 минуттан артық уақытқа қолданусыз қосулы қалдырылған және. Эко күйіне енген.	Автоматты түймесін басыңыз немесе жылдамдықты басқару түймесін бұраңыз, одан кейін Эко функциясын өшіру үшін «О» қалпына қайтарыңыз.
Автоматты және Қуат қосулы шамы жыпылықтауда.	Қалыпты әрекет. Автоматты таңдалса, бірақ блоктау реттелмесе, шам жыпылықтайды.	Блоктаудың дұрыс реттелген тексеріңіз немесе Автоматты функциясын өшіру үшін Автоматты түймесін басыңыз.
Блендер немесе ықшам ұсақтағыш/ уатқыш алмас жинағы бөлігіне тығыз орнатылмаған.	Нығыздауыш жоқ. Нығыздауыш дұрыс салынбаған. Нығыздауышқа зақым келген.	Нығыздауыштың дұрыс реттелмегенін және зақымдалмағанын тексеріңіз. Ауыстырылатын нығыздауышты алу үшін, «қызмет және тұтынушыға күтіп көрсету» бөлімін қараңыз.
Блендерден алмасты тіркеу негізінен ағып тұр.	Нығыздауыш жоқ. Нығыздауыш дұрыс салынбаған. Нығыздауышқа зақым келген.	Нығыздауыштың дұрыс реттелмегенін және зақымдалмағанын тексеріңіз. Ауыстырылатын нығыздауышты алу үшін, «қызмет және тұтынушыға күтіп көрсету» бөлімін қараңыз.
Орамадан алынған кезде алмас бөлігінен блендер нығыздауышы түсіп қалған.	Нығыздауыш алмас бөлігіне алдын ала салынған түрде оралған.	Корпусты босатып, нығыздауыштың алмас бөлігіне салынғанын тексеріңіз. Ауыстырылатын нығыздауышты алу үшін, «қызмет және тұтынушыға күтіп көрсету» бөлімін қараңыз.
Құралдардың/тіркемелердің нашар жұмысы.	«Тіркемені қолдану» бөліміндегі қатысты кеңестерді қараңыз. Тіркемелердің дұрыс құрастырылғанын тексеріңіз.	



HEAD OFFICE: Kenwood Limited, 1-3 Kenwood Business Park, New Lane, Havant, Hampshire PO9 2NH

kenwoodworld.com

KENWOOD

CREATE MORE